

ЖШС «Оқу және Даму Институты»

Жоба

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

**«Бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды
оқытудағы мультимодальды әдістер: теория және тәжірибе»**

Караганда, 2025

МАЗМҰНЫ

1.	Жалпы ережелер.....	3
2.	Глоссарий.....	4
3.	Бағдарлама тақырыбы.....	6
4.	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері.....	7
5.	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	8
6.	Оқу процесін ұйымдастыру.....	10
7.	Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	11
8.	Оқу нәтижелерін бағалау.....	13
9.	Курстан кейінгі қолдау.....	13
10.	Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	14

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының білім беру саясаты әрбір баланың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сапалы және қолжетімді білім алуға құқығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл қағидаттар еліміздің Конституциясында, «Білім туралы» Заңында, сондай-ақ инклюзивті оқыту мәселелерін реттейтін бірқатар нормативтік-құқықтық актілерде бекітілген. Білім беру үдерісіне тең қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету – әрбір баланың табысты әлеуметтік бейімделуі мен өзін-өзі жүзеге асыруының негізгі шарты болып табылады.

Инклюзивті білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде танылған. Соңғы жылдары бұл салада жүйелі өзгерістер енгізілді: балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалаудың жаңартылған тәсілдері қолданылуда, мектептердегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің функциялары кеңейтілді, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдеуге жағдай жасалды. Инклюзия қағидаттарын сақтамағаны үшін білім беру ұйымдары басшыларының жауапкершілігі заң жүзінде бекітілген.

Педагогтердің біліктілігін арттыруға арналған «Бастауыш мектепте ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға мультимодальды оқыту әдістері: теория және практика» атты курс бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының 4-мақсаты – «баршаға инклюзивті және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы оқуға мүмкіндік жасау» талаптарына толық сәйкес келеді. Бағдарлама сондай-ақ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің инклюзивті білім беру саласындағы стратегиясына, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасына, сондай-ақ UNESCO және OECD сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына негізделеді.

Осы тұрғыда инклюзивті білім берудің мазмұнын бастауыш білім беру деңгейінде мультимодальды оқыту әдістерімен ұштастыру – бүгінгі күннің маңызды педагогикалық талабы. Инклюзивті ортада оқытудың тиімділігі мұғалімнің білім беру үдерісін оқушылардың танымдық, эмоционалдық, сенсорлық қабылдау ерекшеліктеріне бейімдей білу қабілетіне тікелей байланысты. Осы мақсатта ұсынылып отырған Бағдарлама – ерекше білім беру қажеттілігі бар (ЕББҚ) білім алушылармен жұмыста заманауи мультимодальды әдістерді қолдану арқылы бастауыш сынып педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруды көздейді.

Мультимодальды оқыту – білім беру үдерісінде визуалды, аудиалды, кинестетикалық, тактильді және вербалды арналарының үйлесімді қолданылуы арқылы оқушының қабылдау типіне, психофизиологиялық ерекшелігіне және когнитивті дамуына сай оқыту ортасын ұйымдастыруды көздейтін инновациялық бағыт. Бұл әдіс оқытуды жекешелендіруге, білімге қолжетімділікті арттыруға және оқушының белсенді оқу іс-әрекетін ынталандыруға мүмкіндік береді.

Бағдарлама мазмұны педагогтің мультимодальды әдістерді тиімді меңгеруіне, оларды оқыту стратегиясына икемдеп енгізуіне және ерекше қажеттілігі бар балалармен жүргізілетін оқу үдерісін сапалы ұйымдастыруына бағытталған. Сонымен бірге, Бағдарлама аясында инклюзивті білім беру мәдениетін қалыптастыру, отбасы мен мектеп арасындағы серіктестікті дамыту, сондай-ақ цифрлық технологияларды оңтайлы қолдану жолдары да қарастырылады.

Осылайша, аталған Бағдарлама бастауыш мектептегі инклюзивті білім берудің сапасын арттыруға ықпал етеді және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың толыққанды білім алуына тең қолжетімділік шарттарын қамтамасыз етеді.

2. Глоссарий

Инклюзивті білім беру	барлық білім алушыларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға олардың жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс. <i>Дереккөз: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1-бап, 7-тармақ.</i>
Инклюзивті білім беру	Барлық балалардың, жастар мен ересектердің білім беру процесіне толық қатысуын қамтамасыз ете отырып, білім беру жүйесінен тысқары қалуды азайтуға және жоюға бағытталған, білім алушылардың әртүрлі қажеттіліктерін ескеретін үдеріс. <i>Дереккөз: UNESCO / ЮНЕСКО (Білім беру саласындағы инклюзивті білім беру бойынша нұсқаулықтар). 2009 ж. (UNESCO, Inclusion Guidelines).</i>
Білім алу үшін арнаулы жағдайлар	ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар. <i>Дереккөз: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1-бап, 7-4 тармақ</i>
Ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)	тиісті деңгейде білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар). <i>Дереккөз: Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын және бағдарламаларын бекіту туралы ҚР Білім</i>

	<i>және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы. 1-тарау.</i>
Психологиялық-педагогикалық қолдау	білім беру ұйымдарында іске асырылатын, процесінде білім алушыларды, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай оқыту және дамыту үшін әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет. <i>Дереккөз: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 1-бап, 19-2-тармақ.</i>
Педагог-ассистент	бұл ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларға оқу тапсырмаларын орындауда, сыныпта әлеуметтік-эмоционалдық ортаға бейімделуде және мұғалімнің нұсқауларына сәйкес қосымша қолдау көрсететін маман. Педагог-ассистент мұғалімнің жетекшілігімен жұмыс атқарады және оқыту процесінің барлық кезеңдерінде қатысады. <i>Дереккөз: «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1-бап, 19-2 тармақ)</i>
Мультимодальды оқыту	оқыту барысында оқушылардың ақпаратты қабылдаудың түрлі арналары (көру, есту, сезіну, қимыл-қозғалыс және т.б.) арқылы танымдық ерекшеліктерін ескеріп, визуалды, аудиалды, кинестетикалық, вербалды және цифрлық тәсілдерді үйлесімді қолдану арқылы білім беру процесін ұйымдастыру. Бұл әдіс оқытуды дербестендіруге, әр оқушының қабылдау ерекшелігіне бейімделуге және білімге қолжетімділікті арттыруға бағытталған. <i>Дереккөз: Boysen G. A. A critical analysis of the research evidence behind CAST's universal design for learning guidelines //Policy Futures in Education. – 2024. – Т. 22. – №. 7. – С. 1219-1238..</i>
Кинестетикалық әдіс	білім беру үдерісінде оқушының қимыл-қозғалыс, әрекет жасау, дене белсенділігі арқылы жаңа ақпаратты қабылдауын және меңгеруін көздейтін оқыту тәсілі. Бұл әдіс ойынды, практикалық тапсырмаларды, модельдеу мен дене қимылдарын қолдану арқылы оқытуды ұйымдастырады. <i>Дереккөз: UNESCO I. B. E. Glossary of curriculum terminology //Available online: http://www.ibe.unesco.Org/fileadmin/user_upload/Publications/IBE_GlossaryCurriculumTerminology2013_eng.pdf. – 2013.</i>
Визуалды әдіс	Оқушының ақпаратты көру арқылы қабылдауына негізделген әдіс. Кестелер, диаграммалар, бейнелер, сызбалар,

	инфографика қолданылады. <i>Дереккөз: UNESCO I. B. E. IBE: Glossary of curriculum terminology //UNESCO International Buerau of Education. – 2013.</i>
Аудиалды әдіс	Ақпаратты тыңдау арқылы қабылдауға негізделген оқыту әдісі. Лекция, әңгіме, подкаст, дыбыстық жазбалар қолданылады. <i>Дереккөз: Fleming (2001); VARK Learning Styles</i>
Тактильді әдіс	Оқушының затты ұстау, сипап көру арқылы ақпаратты меңгеруіне негізделген әдіс. Қолмен жұмыс, құрастыру, манипуляциялар кеңінен қолданылады. <i>Дереккөз: UNESCO (2017); Sensory Learning Research.</i>
Оқытудың әмбебап дизайны (UDL)	білім беру процесін барынша икемді етіп ұйымдастыруға арналған тәсіл. Бұл тәсіл барлық оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу стилін, қабілеттерін және қажеттіліктерін ескере отырып, оқу мақсаттарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Оқытудың әмбебап дизайны әртүрлі оқыту стратегияларын, құралдарын және ұсынылу формаларын қолдана отырып, білімге тең мүмкіндік беруді көздейді. <i>Дереккөз: Rao K. et al. Universal Design for Learning in its 3rd decade: A focus on equity, inclusion, and design //International encyclopedia of education. – 2023. – T. 6. – C. 712-720.</i>

3. Бағдарлама тақырыбы

Бағдарламаның өзектілігі инклюзивті білім беруді ұйымдастырудағы бірқатар жүйелі қиындықтарды анықтаған бастауыш сынып мұғалімдерінің сауалнамасының нәтижелерімен расталады:

81% педагог жеке тәсілді қолдануда (оқу тапсырмаларын бейімдеу) қиындықтарға тап болады, бұл адаптивті оқыту стратегияларын терең меңгерудің және жеке білім беру маршруттарымен дұрыс жұмыс жүргізудің қажеттілігін айқындайды.

74% респондент мультимодальды әдістерді меңгеруге мүдделі, оған визуалды, аудиалды, кинестетикалық және цифрлық форматтар кіреді. Бұл білім алушылардың әртүрлі сенсорлық профиліне сәйкес оқытуды бейімдеуге мүмкіндік беретін практикалық құралдарға нақты сұраныс бар екенін көрсетеді.

68% педагог ППҚҚ мамандарымен және ата-аналармен өзара әрекеттесуде қиындық көреді, бұл командалық жұмыс және кәсіби қарым-қатынас дағдыларын дамытудың маңыздылығын көрсетеді.

65% педагог диагностикалық әдістемелерді қолдануда қиындық бар екенін атап өтті, сондықтан бағдарламаға білім алушылардың білім алудағы қажеттіліктерін бағалау модулін енгізуді қажет етеді.

Тәжірибеге бағытталған оқыту форматына сұраныс жоғары, мұнда педагогтер нақты мектеп тәжірибесінде қолдануға болатын құралдарды және шешімдерді меңгере алады.

63% педагог құқықтық және әдістемелік дайындықтың жоқтығын атап өтеді, бұл курс аясында құқықтық және нормативтік-әдістемелік білім беру жүйесінің қажеттілігін растайды.

Әмбебап оқыту дизайны (UDL), сараланған тәсіл, жеке білім беру бағдарламаларын бейімдеу, түзету-дамыту жұмысында мультимодальды әдістерді пайдалану, сондай-ақ білім беру үдерісін қолдау үшін цифрлық және интерактивті құралдарды ұсыну сияқты бағыттарға ерекше назар аударылады.

Осылайша, Бағдарламаның тақырыптары педагогтердің қажеттіліктерін тікелей қанағаттандырады және кәсіби дайындықтағы анықталған олқылықтарды жояды, оларға ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім беруді бейімдеудің заманауи әдістеріне қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Бағдарлама қолданбалы нәтижеге бағытталған – мұғалімдердің инклюзивті білім берудің дәлелді тәжірибелері негізінде бастауыш мектепте мультимодальды оқытуды жобалауға, бейімдеуге және жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыру.

.4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарлама мақсаты: бастауыш сынып мұғалімдерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту процесінде мультимодальды оқыту әдістерін тиімді қолдану құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

- инклюзивті білім берудің құқықтық, педагогикалық және әдіснамалық негіздері туралы мұғалімдердің кәсіби білімін жетілдіру;
- білім алушылардың сенсорлық, когнитивтік, эмоционалдық және моторлық ерекшеліктерін ескере отырып, мультимодальды оқыту әдістерінің мәнін ашу;
- иизуалды, аудиалды, кинестетикалық, тактильді және цифрлық әдістердің мүмкіндіктерін бастауыш білім беру мазмұнына кіріктіру жолдарын үйрету;
- оқытудың әмбебап дизайны (UDL), сараланған тәсіл және жеке оқу бағдарламаларын бейімдеу принциптерін меңгерту;
- ерекше білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жолдарын қарастыру;
- оқыту үдерісінде мультимодальды әдістерге негізделген сабақ жобаларын әзірлеу мен талдауға бағытталған практикалық дағдыларды қалыптастыру;
- цифрлық білім беру ресурстары мен қосымшаларын (мысалы: Canva, Genially, Flipsnack) инклюзивті ортада тиімді қолдану жолдарын үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

- инклюзивті білім беру қағидаттары мен нормативтік-құқықтық негіздерін меңгереді;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқытуды жоспарлай алады;
- мультимодальды әдістерді сабақ мазмұнына кіріктіріп қолдану тәсілдерін меңгереді;
- оқытудың әмбебап дизайны және сараланған оқыту тәсілдерін қолдана отырып, бейімделген оқу орта қалыптастырады;
- цифрлық және визуалды құралдарды (инфографика, анимация, аудио-видео контент) тиімді пайдалана отырып, оқу мотивациясын арттырады;
- оқу үдерісінде оқушылардың білім жетістіктерін мультимодальды әдістер арқылы бақылап, бағалай алады;
- инклюзивті білім беруде отбасы, мектеп және қолдау қызметтері арасындағы серіктестікті ұйымдастыруға қатысады.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналарын педагогикалық сүйемелдеу және бастауыш мектепте мультимодальды оқыту әдістерін енгізудің негізгі аспектілерін қамтитын **5 модульден** тұрады.

Әр модуль бірыңғай құрылым бойынша жасалған және төмендегі компоненттерден тұрады:

- ✓ **Теориялық оқыту** – ғылыми негіздер мен нормативтік-құқықтық базаны зерделеу;
- ✓ **Практикалық тапсырмалар** – кейстер, тренингтер және жобалық жұмыстар арқылы білімді тәжірибеде қолдану;
- ✓ **Рефлексия** – жеке тәжірибе мен педагогикалық практиканы талдау;
- ✓ **Өзіндік жұмыс** – дағдыларды бекіту және практикалық қолдануға дайындалу.

Модульдердің мазмұны **теория мен практиканы** кешенді меңгеруді қамтамасыз етеді, бұл тыңдаушыларға мүмкіндік береді:

- ✓ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға бейімделген заманауи мультимодальды оқыту әдістерін меңгеруге;
- ✓ ата-аналармен өзара әрекеттесу, серіктестік қатынастар құру және педагогикалық шешімдерді бірлесе қабылдау дағдыларын дамытуға;
- ✓ білім беру үдерісінде цифрлық және интерактивті құралдарды қолдануға;
- ✓ жеке білім беру маршруттары мен бағдарламаларын (ЖБМ және ЖББ) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен жұмыста тиімді интеграциялауға.

Бағдарлама **курстың мақсаттары мен міндеттерімен** тығыз байланысты **күтілетін нәтижелерге** бағытталған:

- ✓ педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- ✓ ата-аналарды педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыру дағдыларын дамыту;

✓ мультимодальды оқыту әдістерін меңгеру;
 ✓ оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру.

Бағдарламаның **оқу-тәжірибелік жоспарында** лекциялар, практикалық сабақтар, өзіндік жұмыс, рефлексия және тестілеу түрлері бойынша сағаттардың бөлінуі кесте түрінде ұсынылған.

Курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыптар	Деріс	Практикалық	Өзіндік жұмыстар	Рефлексия	Тестілеу	Барлығы
1	1-модуль «Инклюзивті білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері»						
1.1	Инклюзивті білім берудің мәні мен қағидаттары	2	2				4
1.2	Құқықтық-нормативтік негіздер (ҚР және халықаралық тәжірибе)	2	2				4
1.3	Бастауыш сынып жасындағы ерекше білім алушылардың жіктелуі мен ерекшеліктері	2	2				4
1.4	Бастауыш сынып мұғалімнің инклюзивті ортадағы рөлі. (педагогикалық жағдаяттар мен кейс-стади)		2	2			4
2	2- модуль. «ЕББҚ бастауыш білім алушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу және отбасымен жұмыс»						
2.1	ЕББҚ оқушыларының танымдық, эмоционалдық және сенсорлық ерекшеліктері	2	2				4
2.2	ЕББҚ білім алушыларды қолдау қызметінің компоненттері	2	2				4
2.3	Педагог-ассистент: негізгі функциялары мен міндеттері	2	2				4
2.4	Мектеп пен ата-аналар ынтымақтастығы	2	2				4
2.5	Модуль бойынша практикум: кейс-талдау, интерактивті талқылаулар мен жобалар		2	2			4

3	3- модуль. «Мультимодальды оқытудың педагогикалық негіздері»						
3.1	Мультимодальды оқыту ұғымы, түрлері	2	2				4
3.2	Визуалды, аудиалды, кинестетикалық және тактильді әдістер	2	2				4
3.3	Мультимодальды оқыту әдістерін білім алушылардың оқу стилдеріне бейімдеу	2	2				4
3.4	Мультимодальды оқытуды жоспарлау бойынша практикум		2	2			4
4	4-модуль. «Оқытудың әмбебап дизайны және сараланған тәсілдер»						
4.1	(Universal Design for Learning) UDL принциптері	2	2				4
4.2	Оқу бағдарламасын бейімдеу: мазмұнды бейімдеу (Content Adaptation), процесті бейімдеу (Process Adaptation), өнімді бейімдеу (Product Adaptation), оқу ортасын бейімдеу (Environment Adaptation)	2	2				4
4.3	Ерекше қажеттіліктері бар бастауыш сынып білім алушыларының жеке оқу жоспарлары мен маршруттарын құру бойынша практикум		2	2			4
	5- модуль. «Практикалық модуль: мультимодальды әдістерді сабаққа кіріктіру: бейімдеу және жоспарлау»						
4.1	Мультимодальды әдістер негізінде бастауыш мектеп сабақтарын моделдеу	2	2				4
4.2	Мультимодальды оқытуда қолдануға арналған цифрлық платформалар мен ресурстар	2	2				4
4.3	Сабақ жоспарлау практикумы (ҚМЖ, саралау, бағалау)		2	2			4
4.4	Қорытынды: сабақ үлгісі + қорытынды тестілеу			2	2	1	5
4.5	Рефлексиялық сессия: қиындықтар мен жетістіктерді талқылау					1	1
	Барлығы	28	38	12	2	2	82

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Бағдарлама бойынша оқу үдерісі **онлайн-форматта** ұйымдастырылады.
Ұйымдастырудың негізгі қағидаттары:

- Практикаға бағыттылық – нақты педагогикалық міндеттерді шешу және шынайы жағдайларды модельдеу;
- Интерактивтілік – қатысушыларды кейстер, талқылаулар, «миға шабуыл», рөлдік ойындар арқылы белсенді қатыстыру;
- Коллаборативті оқыту – топтық жұмыс, бірлескен материал әзірлеу және тәжірибе алмасу;
- Дифференциация және дербестендіру – дайындық деңгейі әртүрлі тыңдаушыларды қолдау, қосымша материалдарды өз бетінше меңгеру мүмкіндігі;
- Цифрлық технологияларды қолдану – мультимодальды тапсырмалар әзірлеуге арналған онлайн-платформалар мен мультимедиялық құралдарды меңгеру.

Оқыту әдістері мен формалары:

- Интерактивті дәрістер;
- Семинарлар мен мастер-кластар;
- Визуалды, аудиалды және тактильді материалдар әзірлеуге бағытталған практикалық сабақтар;
- Рөлдік ойындар мен кейс-стади әдісі;
- Коллаборативті жобалар және топтық жұмыс;
- Рефлексивті талқылаулар және өзін-өзі бағалау;
- «Миға шабуыл» және проблемалық жағдайларды талдау;
- Цифрлық ресурстармен өзіндік жұмыс;
- Қашықтан оқыту элементтері: вебинарлар, форумдар, кері байланыс.

Қолданылатын цифрлық платформалар:

Canva, Genially, Flipsnack, Padlet, Kahoot, Wordwall және басқа да платформалар мультимодальды әдістерді білім беру үдерісінде қолдану бойынша практикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу үдерісін ұйымдастыру келесі нәтижелерге қол жеткізуге ықпал етеді:

- теориялық білімді практикамен интеграциялау;
- инклюзивті ортада кәсіби құзыреттерді қалыптастыру;
- педагогтердің шығармашылық әлеуеті мен дербестігін дамыту;
- ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқытуға арналған заманауи цифрлық және мультимодальды технологияларды меңгеру.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі оқытудың заманауи дидактикалық жүйесінің қағидаттарына негізделіп құрылған және мультимодальды оқыту ортасын педагогикалық тұрғыдан тиімді ұйымдастыруды көздейді. Курсты әзірлеу мен өткізу барысында келесі ұстанымдар басшылыққа алынады:

✓ **Жүйелілік және логикалық бірізділік** – теориялық және практикалық материал модульдер бойынша біртіндеп күрделене отырып ұсынылады, бұл құзыреттерді кезең-кезеңімен қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

✓ **Тұтастық және практикалық маңыздылық** – білім мен дағдылар педагогтердің кәсіби қызметінде тікелей қолдануға бағытталған;

✓ **Материалды көрнекі түрде ұсыну** – визуалды, аудиалды, тактильді және цифрлық ресурстарды қамтитын мультимодальды оқыту құралдары пайдаланылады.

Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету құрамына кіреді:

1. Курс бағдарламасы

✓ құрылымы, мақсаттары, мазмұны, күтілетін нәтижелері және бағалау талаптары жөніндегі сипаттамалар;

✓ мультимодальды оқыту стратегиялары, оқытудың әмбебап дизайны (UDL) қағидаттары және дифференциалды тәсілдермен қоса, оқыту әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы.

2. Теориялық материалдар

✓ мультимедиялық презентациялар, инфографика, бейнематериалдар;

✓ өздігінен оқу үшін ұсынылған әдістемелік түсіндірмелер мен цифрлық ресурстар.

3. Практикалық тапсырмалар

✓ ситуациялық кейстер, сабақ жоспарлары мен жобаларды әзірлеу;

✓ визуалды, аудиалды және тактильді материалдармен жұмыс;

✓ цифрлық платформаларда тапсырмаларды орындау.

4. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар

✓ білімді бекітуге және шығармашылық қабілеттерді дамытуға арналған жаттығулар;

✓ бағалау критерийлерімен бірге беріледі.

5. Кіріспе және қорытынды диагностика құралдары

✓ сауалнамалар, өзін-өзі бағалау парақтары;

✓ бағдарламаны меңгеру деңгейін және қол жеткізілген нәтижелерді анықтауға арналған тест тапсырмалары.

6. Әдебиеттер мен ресурстар тізімі

✓ отандық және шетелдік негізгі және қосымша дереккөздер;

✓ интерактивті интернет-ресурстар (мысалы, CAST.org, udlguidelines.cast.org, UNESCO, VARK, Genially, Canva және т.б.).

Бағдарлама тыңдаушыларға теория мен практиканы ұштастыра отырып, **кәсіби қолдау көрсетеді және ЕББҚ бар білім алушыларға бейімделген білім беру ортасын жобалау менжүзеге асыруға бағытталған.**

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Бағдарлама тыңдаушыларының оқу жетістіктерін бағалау жүйесі кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін, сондай-ақ мультимодальды оқыту әдістері мен инклюзивті білім беру мазмұнын меңгеруін жан-жақты бағалауға бағытталған.

Бақылау мен бағалау формаларына келесі әдістер кіреді:

- Өзіндік жұмыс (жеке тапсырмалар, шағын жобалар, мультимодальды сабақ үлгісін құрастыру);
- Жағдайлық тапсырмалар (кейстер) (инклюзивті сыныптағы педагогикалық жағдаяттарды талдау);
- Сауалнамалар мен рефлексиялық парақтар (өзін-өзі бағалау және курс барысын бағалау);
- Қорытынды тестілеу (модульдік білім мазмұны бойынша бағалау құралдары).

Барлық тапсырмалар мен бақылау құралдары бағдарламаның оқу нәтижелерін сенімді бағалауға бағытталған.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттерін бағалау тақырыптық бақылау тапсырмалары мен қорытынды бағалау жұмысын қамтиды. Бұл тапсырмаларды профессор-оқытушылар құрамы оқу мазмұны мен әр модульдің ерекшелігіне қарай құрастырады. Оқу барысында алынған кері байланыс негізінде сабақ мазмұнына қажет болған жағдайда түзетулер енгізіледі, қосымша оқу материалдары мен визуалды-дидактикалық ресурстар ұсынылады.

№ 95 бұйрыққа сәйкес, тыңдаушы қорытынды тестілеуден өтіп, мүмкін болатын ең жоғары балдың кемінде 50%-ын жинауы тиіс.

Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері бойынша тыңдаушылардың жеке сұраныстары мен кәсіби даму бағыттарына сай курстан кейінгі консультациялық сүйемелдеу жұмыстарының мазмұны жоспарланады.

9. Курстан кейінгі қолдау

Бағдарлама аяқталғаннан кейін бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби дамуын жалғастыру және алған білімдері мен дағдыларын тәжірибеде орнықтыру мақсатында курстан кейінгі әдістемелік қолдау мен педагогикалық сүйемелдеу ұйымдастырылады.

Бұл кезең педагогтердің инклюзивті және мультимодальды оқытудағы құзыреттіліктерін қолдау мен кеңейтуге бағытталған және келесі бағыттарда жүзеге асырылады:

Онлайн кеңес беру және ақпараттық қолдау:

- инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттары мен мультимодальды әдістерді тәжірибеге енгізуге қатысты жекелеген әдістемелік ұсыныстар беру;

- электрондық пошта, мессенджерлер (WhatsApp, Telegram), әлеуметтік желілер (Facebook, Instagram) арқылы үздіксіз байланыс орнату;
- онлайн кеңестер, сұрақ-жауап сессиялары мен вебинарлар өткізу.

Әдістемелік сүйемелдеу және сараптамалық қолдау:

- білім беру ұйымдарының педагогтері мен әдіскерлеріне бейімделген сабақ жоспарлары, мультимодальды тапсырмалар үлгілері бойынша кері байланыс беру;
- инклюзивті білім беруді дамыту стратегиясын іске асыру аясында басшылық құрамға (директорлар, орынбасарлар) әдістемелік-ұйымдастырушылық көмек көрсету;
- аттестаттаудан өтуге дайындық барысында құжаттарды рәсімдеу мен кәсіби портфолионы жинақтау бойынша кеңес беру.

Кәсіби қауымдастықтарға тарту және тарату жұмыстары:

- аймақтық, республикалық деңгейдегі конференциялар, семинарлар, вебинарлар, дөңгелек үстелдерге қатысу мүмкіндіктерін ұсыну;
- педагогтер мен әдіскерлердің өз тәжірибесін тарату мақсатында ашық сабақтар, шеберлік сабақтары мен пікір алмасу алаңдарын ұйымдастыру;
- курстан өткен тыңдаушылардың авторлық идеялары мен педагогикалық табыстарын таныстыру мақсатында облыстық және республикалық басылымдарда, сондай-ақ интернет-ресурстарда ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялауға қолдау көрсету (мүмкіндігінше бірлескен авторлықпен).

Курстан кейінгі сүйемелдеу тыңдаушылардың кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес икемделіп, педагогикалық ортада инклюзивті және мультимодальды оқыту тәжірибесінің орнығуына жол ашады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III (30.06.2025 ж. дейінгі өзгерістер мен толықтыруларымен) Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 (24.06.2025 ж. дейінгі өзгерістер мен толықтыруларымен) Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

3. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларға әлеуметтік және медико-педагогикалық түзеу көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

4. «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 224-VII ЗРК Кодексі Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2300000224>

5. «Инклюзивті білім беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ЗРК Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000056>

6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

7. Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

8. «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығы Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200026618>

9. «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36047 болып тіркелген Қолжетімді сілтеме: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047>

Қосымша әдебиеттер:

1. Оқытуда (оқу, жазу, санау) ерекше қиындықтары бар балаларға білім беру ортасын құру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 208 б. Қолжетімді сілтеме: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/6363636363636444444444.pdf>

2. «Білім беру ұйымдарында қолжетімді білім беру ортасын қалыптастыру және бағалау» әдістемелік ұсынымдары – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 200 б. Қолжетімді сілтеме: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/62622626255555555555.pdf>

3. «Инклюзивті білім берудің негізгі аспектілерін дамыту (мәдениет, саясат, практика)» әдістемелік ұсынымдары – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2024. – 192 б. Қолжетімді сілтеме: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/INKLUZIA%20%20RUS%20%20RUS%20%20RUS%20%2029.03.2024.pdf>

4. Білім берудің барлық деңгейлерінде (балабақша-мектеп-колледж-ЖОО) сабақтастық және инклюзивтілік қағидаттарын іске асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2024. – 192 б. Қолжетімді сілтеме: <https://uba.edu.kz/storage/app/media/INKL%20%20RS%20%20RS%20%20RS%20%2029.03.2024.pdf>

5. Рамка инклюзивного образования в Республике Казахстан / Г. Ногайбаева, С. Жумажанова, Е. Коротких. – Астана, АО ИАЦ, 2017 – 185 с.
6. Students with Disabilities, Learning Difficulties and Disadvantages. ISBN 978-92-64-02762-6. OECD, 2007
7. Руководящие принципы политики в области инклюзивного образования. Опубликовано Организацией Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры. © ЮНЕСКО 2009 г.
8. Бут Т., Эйнскоу М. Показатели инклюзии: практ. пособие / под ред. М. Вогана; пер. с англ. И. Аникеева; науч. ред. Н. Борисова; под общ. ред. М. Перфильевой. М.: РООИ «Перспектива», 2007. 124 с.
9. Алехина С.В. Инклюзивное образование: история и современность [текст: электронный ресурс]: учебно-методическое пособие/ С.В. Алехина. – М.: Педагогический университет «Первое сентября», 2013.-33 с.
10. Митчелл Д. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования [текст: электронный ресурс]: главы из книги/ авт. пр. Д. Митчелл, перев. с англ.: И.С. Аникеев, Н.В. Борисова. – М.: РООИ «Перспектива», 2011. – 139 с. : ил.
11. Самсонова Е.В. Основные педагогические технологии инклюзивного образования [текст: электронный ресурс]: учебно - методическое пособие/Е.В. Самсонова, Т.П. Дмитриева, Т.Ю. Хотылева. – М.: Педагогический университет. «Первое сентября», 2013. —36 с.
12. Инклюзивное образование. Выпуск 1 [текст: электронный ресурс]: сборник / сост.: С.В. Алехина, Н.Я. Семаго, А.К. Фаина. – М.: Центр «Школьная книга», 2010.— 272 с.
13. UNESCO I. B. E. Glossary of curriculum terminology //Available online: http://www.ibe.unesco.Org/fileadmin/user_upload/Publications/IBE_GlossaryCurriculumTerminology2013_eng.pdf. – 2013.
14. Хитрюк В. В. Основы инклюзивного образования [Электронный ресурс] : учеб.-метод. комплекс / В. В. Хитрюк, Е. И. Пономарёва. — Барановичи : РИО БарГУ, 2014.
15. Резюме Всемирного доклада по мониторингу образования, 2020 г. Инклюзивность и образование: для всех означает для всех. Париж, ЮНЕСКО. URL: <http://bit.ly/2020gemreport>

«Бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудағы мультимодальды әдістер: теория және тәжірибе» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы бағдарламасын әзірлеу шеңберінде Қазақстан Республикасы заңнамасы мен нормативтік құқықтық актілеріне талдау

«Бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудағы мультимодальды әдістер» атты біліктілікті арттыру білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, инклюзивті білім берудің басымдықтарын, баланың қолжетімді және сапалы білім алуға құқығын және білім беру жүйесін жаңғыртудың стратегиялық бағыттарын ескере отырып әзірленді.

Кәсіби даму бағдарламасын әзірлеу барысында бастауыш білім беру деңгейінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) оқушыларды инклюзивті оқытуды және мультимодальды әдістерді қолдануды реттейтін барлық негізгі заңнамалық және нормативтік құжаттар жан-жақты зерделенді.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру келесі құжаттармен кепілдендіріледі:

✓ *Қазақстан Республикасының Конституциясымен (30-бап) – әр азаматтың білім алуға құқығы бекітілген. Осылайша, аталған заң бірқатар тақырыптардың мазмұны үшін нормативтік негіз ретінде қызмет етеді және педагогтерді инклюзивті ортада жұмыс істеуге дайындау бағытын айқындайды.*

✓ *«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен (8-бап, 5-тармақ; 1-бап, 7, 19-2-тармақшалар) – инклюзия принциптері, «психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу» және «ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар)» ұғымдары нақтыланған. Заңда келтірілген құқықтық база инклюзивті және мультимодальды оқытуды бастауыш мектепте жүзеге асырудың нормативтік негіздерін ашып көрсетіп, курс мазмұнын құрастырудың іргетасы болып табылады.*

Конституция мен «Білім туралы» заң барлық санаттағы білім алушылардың, соның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін балалардың білім алуға құқығын іске асыруға арналған берік құқықтық негіз қалыптастырады. Бұл мемлекет тарапынан тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім беру ортасын бейімдеу және қолдаудың жүйелі формасы ретінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді енгізу бойынша өз міндеттемелерін растайды.

Инклюзивті және мультимодальды оқыту үдерісін реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер:

✓ *«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы (2002) – ерекше қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету түрлерін, арнайы жағдайлар мен оқыту әдістерін анықтайды;*

✓ *Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында психологиялық-*

педагогикалық сүйемелдеу қағидалары» күші жойылды. Оның орнына *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығымен «Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің қызметі туралы Қағидалар»* қабылданды. Аталған құжатта – білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің жұмыс тәртібін бекітіп, ЕББҚ бар балаларға қатысты диагностика, жеке білім беру маршруттарын бейімдеу және сүйемелдеу процедураларын нақтылайды;

✓ *2023 жылғы 20 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі (№ 224-VII)* – ЕББҚ бар балалар мен олардың отбасыларына берілетін мемлекеттік кепілдіктер мен қолдауды нақтылап, әлеуметтік қолжетімділік пен инклюзия қағидаттарын бекітеді. Әлеуметтік кодекс Қазақстандағы инклюзивті білім беру тұжырымдамасын практикалық деңгейде жүзеге асырудың маңызды құқықтық негізі болып табылады. Ол қолжетімді орта қалыптастыру, ресурстық қолдау көрсету және ЕББҚ бар тұлғалардың әлеуметтік интеграциясын ілгерілету бойынша мемлекет міндеттемелерін айқындайды. Бұл өз кезегінде білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында сүйемелдеу стратегияларын тиімді қалыптастыруға және мультимодальды оқыту әдістерін білім беру үдерісіне енгізуге тікелей ықпал етеді.

Заңнамаға жүргізілген талдау Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде инклюзивті және мультимодальды оқытуды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нақты реттелген нормативтік-құқықтық базаның бар екенін көрсетеді. Заңнамалық актілер ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) білім алушылардың санаттарын, көрсетілетін қолдау түрлерін, сондай-ақ білім беру мазмұнын бейімдеу әдістемелері мен оқу үдерісін ұйымдастырудың арнайы шарттарын айқындайды.

Айрықша маңызға ие құжат — Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы, ол психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын реттейді. Бұл құжатта мамандардың өзара әрекеттесу тетіктері нақтыланып, диагностика нысандары, жеке білім беру маршруттарын әзірлеу алгоритмдері және білім алушыларды инклюзивті тәсіл негізінде сүйемелдеу рәсімдері анықталған.

Осылайша, қолданыстағы салалық заңнама инклюзивті және мультимодальды білім беру тәжірибелерін жүйелі енгізуге қажетті институционалдық және әдістемелік жағдайларды қамтамасыз етіп, әрбір білім алушының жеке қажеттіліктерін ескеруге бағытталған икемді және бейімделген білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Мемлекеттік стандарттар мен кәсіби регламенттер

✓ Жалпыға міндетті білім беру стандарттары (ЖМБС НББ)

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 74 бұйрығы (2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрықтың жаңа редакциясы)

– ЖМБС бастауыш білім беру деңгейіндегі міндетті оқу нәтижелерін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) оқушыларға жекелеген көзқарастарды анықтайды;

– «Оқыту үшін арнайы жағдайлар» ұғымы енгізілді, оған психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу мен оқу бағдарламаларын бейімдеу де кіреді;

– Инклюзивтілікке, білім беру мазмұнының икемділігіне және жеке білім беру маршруттарын (ЖБМ) іске асыру мүмкіндіктеріне ерекше назар аударылады;

– Стандарт педагогтарды мультимодальды, сараланған және вариативті оқыту әдістерін қолдануға тікелей бағыттайды.

✓ Педагог қызметкерлер лауазымдарының типтік біліктілік сипаттамалары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы (2025 жылғы 30 сәуірдегі № 98 редакциясы)

– Жаңартылған біліктілік сипаттамалар ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балалармен жұмыс істейтін мұғалімдердің қызметін нақтылайды;

– Бағдарламаларды бейімдеу, оқушылардың білім деңгейін бағалау, ата-аналармен және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі (ППҚҚ) мамандарымен өзара әрекеттесу, цифрлық және мультимодальды ресурстарды пайдалану бойынша педагогтардың құзыреттері нақтыланған;

– Педагогтардың инклюзивті білім беру, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) және заманауи білім беру технологиялары саласындағы біліктілігін үздіксіз арттыру қажеттілігі атап көрсетілген.

✓ Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы

– ППҚҚ пәнаралық команда ретінде қарастырылады, онда педагог толыққанды қатысушы болып табылады.

– Педагог-ассистенттермен, дефектологтармен, психологтармен және әлеуметтік педагогтармен өзара әрекеттесу механизмдері нақтыланған;

– Оқу мазмұнын бейімдеуге, оқушы жетістігін мониторингтеуге, баланың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жеке оқу бағдарламалары мен жеке оқу маршруттарын әзірлеуге баса назар аударылады;

– Курс бағдарламасы психологиялық-педагогикалық қолдау құрамындағы педагогтардың қызметін ескереді және осындай командада жұмыс істеуге қажетті дағдыларды қалыптастырады.

✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 104 бұйрығы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 4 бұйрығына («Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы») өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

– ЕББҚ-ны диагностикалаудың түрлері мен әдістері нақтыланған;

– Жеке білім беру траекторияларын жоспарлауға арналған құралдар енгізілген, бұл педагогтардан диагностика, рефлексия және оқу үдерісін түзету әдістерін меңгеруді талап етеді;

– Курста жеке оқу бағдарламаларын жобалау, кейстермен жұмыс істеу, ЕББҚ бағалау нәтижелерін ескере отырып мультимодальды әдістерді қолдану бойынша практикумдар қарастырылған.

2025 жылы қабылданған барлық мемлекеттік стандарттар мен кәсіби регламенттер инклюзивті білім беруге қойылатын талаптарды біршама күшейтті. Бастауыш сынып мұғалімдері білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп қана қоймай, оқу мазмұнын, әдістемелерін және оқыту формаларын цифрлық және мультимодальды ресурстарды қолдана отырып бейімдей білуі тиіс. Біліктілікті арттыру бағдарламасы осы нормативтік өзгерістерді ескере отырып, жаңартылған кәсіби талаптарға сай педагогтардың құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті және мультимодальды білім беруді дамытуға бағытталған стратегиялық және бағдарламалық құжаттар

«Бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудағы мультимодальды әдістер: теория және тәжірибе» тақырыбындағы біліктілікті арттыру бағдарламасын әзірлеу барысында Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың бағыт-бағдарын айқындайтын негізгі стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға талдау жүргізілді. Бұл құжаттар елдің білім беру саясатына инклюзия және мультимодальдық қағидаттарын интеграциялау үшін нормативтік және құндылықтық негіз қалыптастырады.

✓ Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 ақпандағы №154 Жарлығымен бекітілген;

– Адами капиталды дамытудың, соның ішінде барлық азаматтар үшін сапалы әрі инклюзивті білімге қолжетімділікті қамтамасыз етудің басымдығы атап көрсетілген;

– Жоспарда оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, мектеп білімін трансформациялау және заманауи білім беру тәсілдерін, соның ішінде цифрландыру мен мультимодальды оқытуды енгізу міндеті қойылған;

– Елдің барлық өңірлерінде инклюзивті ортаны дамыту қолдау табады.

✓ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

– 2023 жылы қабылданған, білім берудің барлық деңгейлерін — мектепке дейінгіден жоғары білімге дейін қамтиды;

– Білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етуге, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балаларды қосу үшін жағдай жасауға, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу арқылы қолдауды дамытуға ерекше назар аударылады;

– Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істей алатын педагогтерді даярлау және икемді оқыту әдістерін (мультимодальдылық, оқытудың әмбебап дизайны — UDL) енгізу қажеттілігі атап көрсетіледі.

✓ **Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесінің жай-күйі мен дамуы туралы Ұлттық баяндама**

– Бұл құжат — жыл сайын шығарылатын аналитикалық есеп, ол білім беру жүйесіндегі жетістіктер мен шешімін таппаған мәселелерді қамтиды;

– Соңғы есептерде инклюзивті білім беруді белсенді дамыту, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және ЕББҚ бар балалармен жұмыс істеуге арналған әдістемелік базаны кеңейту қажеттілігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының ұлттық стратегиялық құжаттары инклюзивті және мультимодальды оқытуды білім беру жүйесінің дамуының басым бағыттары ретінде таниды. Бұл педагогтерді алуан түрлілік пен жекелендіру жағдайында жұмыс істеуге дайындау үшін институционалдық алғышарттар жасайды. Қазіргі таңда әзірленіп жатқан біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұны осы стратегиялық құжаттарда қойылған міндеттерге толықтай сәйкес келеді.

Халықаралық бағдарлар

Қазақстан Республикасының инклюзивті білім беру саласындағы халықаралық міндеттемелері. Қазақстан Республикасы халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде әрбір баланың сапалы, әділ және инклюзивті білім алуға деген құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар халықаралық міндеттемелерді өз мойнына алды. «Бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудағы мультимодальды әдістер: теория және тәжірибе» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы бағдарламасын әзірлеу барысында келесі негізгі халықаралық құжаттар ескерілді:

✓ **БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы (1989 ж.)**

– Қазақстан бұл Конвенцияны 1994 жылы ратификациялады. 23-бапқа сәйкес, мүмкіндігі шектеулі балалар ерекше қамқорлыққа және олардың жеке тұлғалық дамуы мен әлеуметтік интеграциясына бағытталған білім алуға құқылы.

✓ **БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы (CRPD, 2006 ж.)**

– Қазақстан бұл Конвенцияны 2015 жылы ратификациялады.

– 24-бапта мүгедектігі бар тұлғалардың барлық деңгейде инклюзивті білім алуға құқығы атап көрсетілген. Мемлекеттер оқу бағдарламаларын бейімдеуге, баламалы коммуникация формаларын қолдануға және жеке білім беру тәсілдерін қамтамасыз етуге міндетті.

✓ **БҰҰ Тұрақты даму мақсаттары аясындағы 4-мақсат – «Білім беру – 2030»**

– «Баршаға сапалы, әділ және инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін ілгерілету».

– Қазақстан бұл мақсаттарды жүзеге асыруды ұлттық білім беру стратегиясы мен инклюзивті қағидаттарды интеграциялау арқылы белсенді түрде іске асыруда.

✓ **Саламанка декларациясы және ерекше қажеттіліктері бар адамдарды оқыту жөніндегі іс-қимылдың негіздемелік бағдарламасы (UNESCO, 1994 ж.)**

– Декларация инклюзивті білім беруді барлық балалар мен жасөспірімдер үшін, олардың физикалық, интеллектуалдық, әлеуметтік, эмоционалдық немесе өзге де ерекшеліктеріне қарамастан, білім алуға құқықты іске асырудың ең тиімді жолы ретінде таниды.

✓ **Инчхон декларациясы «Білім беру – 2030» (UNESCO, 2015 ж.)**

– Қазақстан инклюзивті және әділ білім беру жүйелерін қалыптастыру міндеттемесін қолдады, бұл барлық білім алушылардың қажеттіліктерін ескеруге бағытталған.

✓ **OECD, UNICEF, UNESCO-ның инклюзивті білім беру жөніндегі ұсынымдары мен негіздемелік құжаттары**

– Бұл құжаттар Қазақстанда білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде әдіснамалық база ретінде пайдаланылады, соның ішінде дифференциалды оқыту тәсілдері, мультимодальды әдістер және оқытудың әмбебап дизайны (UDL) ескеріледі.

Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелері инклюзивті және мультимодальды білім беруді дамыту үшін стратегиялық бағдар болып табылады. Бұл міндеттемелер ұлттық білім беру жүйесіне инклюзивті қағидаттарды сәтті енгізуге, мұғалімдерді даярлауға және оқыту процесін жекелендіруге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасы, мемлекеттік стандарттары, стратегиялық бағдарламалық құжаттары мен халықаралық міндеттемелеріне жүргізілген талдау негізінде келесі негізгі қорытындыларды тұжырымдауға болады:

1. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім берудің конституциялық-құқықтық негізі елдің Негізгі заңында және «Білім туралы» базалық заңында бекітілген. Бұл мемлекет тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балаларды қоса алғанда, барлық балаларға сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша міндеттемелерді растайды.

2. Салалық заңнама, оның ішінде «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» ҚР Заңы, Әлеуметтік кодекс және 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрық ЕББҚ бар балаларды сүйемелдеу, жеке білім беру маршруттарын бейімдеу және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтерінің пәнаралық жұмысын ұйымдастыру тетіктерін нақты реттейді. Бұл қызметтер құрамында педагогтар негізгі рөл атқарады.

3. Мемлекеттік білім беру стандарттары мен кәсіби регламенттер білім беру үдерісін оқушылардың жеке ерекшеліктеріне бейімдеуге, икемділік пен вариативтікке негіздеуді талап етеді. Жаңартылған нормативтік өзгерістер педагогтердің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды күшейтеді, әсіресе инклюзия, бейімделген және мультимодальды оқыту, цифрлық педагогика және мамандармен өзара әрекеттесу салаларында.

4. Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары, атап айтқанда, 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары мен 2023–2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасы, инклюзивті және мультимодальды білім беруді білім беру жүйесін жаңғыртудың басым бағыттары ретінде белгілейді және педагогтерді жаңа жағдайларда жұмыс істеуге жүйелі даярлауды талап етеді.

5. Халықаралық міндеттемелер, оның ішінде БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы, Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары мен ЮНЕСКО ұсынымдары Қазақстанды балалардың сапалы және инклюзивті білім алуға деген құқықтарын қамтамасыз етуге міндеттейді. Бұл міндеттемелер педагогтердің кәсіби дамуы мен заманауи білім беру тәсілдерін енгізуді көздейді.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының құқықтық және стратегиялық бағдарлары ЕББҚ бар балалармен инклюзивті және мультимодальды білім беру ортасында жұмыс істеуге дайын бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауға бағытталған біліктілікті арттыру курсы енгізу үшін орнықты институционалдық және нормативтік негіз қалыптастырады.

Біліктілікті арттыру курсы жүзеге асыру қажеттілігінің негіздемесі

«Бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудағы мультимодальды әдістер: теория және тәжірибе» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсы іске асыру келесі өзекті факторларға негізделеді:

1. 2023–2025 жылдар аралығында нормативтік-құқықтық базада орын алған ауқымды өзгерістер (оның ішінде мемлекеттік білім беру стандарттарының жаңартылуы және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларының қайта қаралуы) педагогтерден құқықтық, әдістемелік және диагностикалық құзыреттіліктердің жаңа деңгейін талап етеді.

2. Психологиялық-педагогикалық қолдау (ППҚ) құрамындағы педагогтердің функциональдық қызметтерінің кеңеюі ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) балалардың ерекшеліктерін диагностикалау құралдарын меңгеруді, жеке білім беру маршруттарын құруды және бейімделген оқу бағдарламаларын іске асыруды қажет етеді.

3. Педагогтердің бір бөлігінің мультимодальды оқыту формаларын, соның ішінде цифрлық және визуалды-аудиалды құралдарды қолдануға **әдістемелік тұрғыдан дайын болмауы** оқытудың әмбебап дизайны (UDL) қағидаттары мен инклюзивті педагогикаға негізделген мақсатты дайындықты қажет етеді.

4. **Ұлттық стратегиялық құжаттар** білім беру мазмұнын жаңарту қажеттілігін, әсіресе әртүрлі білім алушылар санатымен жұмыс істеу және бейімделген оқу траекторияларын қалыптастыру контексінде, басымдық ретінде айқындайды.

5. **Педагогтерге ЕББҚ бар білім алушыларды қолдау бойынша қолданбалы құралдар мен технологияларды меңгеру практикалық қажеттілігі** (кейс-менеджмент, коучинг, мультимодальды сабақтарды жобалау, инклюзивті ортада құжат жүргізу) күн тәртібінде тұр.

Курс осы аталған факторларды ескере отырып жобаланған және төмендегі құзыреттерді дамытуға бағытталған:

✓ оқушылардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу мазмұны мен әдістерін бейімдеу;

✓ ерекше білім беру қажеттіліктерін (ЕББҚ) диагностикалау және мониторинг жүргізу;

✓ ЖБМ (жеке білім беру маршруты) мен ЖББ (жеке білім беру бағдарламасы) жобалау және жүзеге асыру;

✓ мультимодальды, цифрлық және икемді әдістемелерді қолдану;

✓ сүйемелдеу командасында және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу.

Осылайша, курс білім беру жүйесінің білікті, кәсіби және этикалық тұрғыдан сауатты педагогтерді даярлау жөніндегі өзекті сұранысына жауап береді. Ол бастауыш мектепте инклюзивті білім беру қағидаттарын және мультимодальды әдістерді сапалы іске асыра алатын мамандарды қалыптастыруға бағытталған.

«Бастауыш мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқытудағы мультимодальды әдістер: теория және тәжірибе» бағдарламасын әзірлеу шеңберінде педагогтердің кәсіби даму қажеттіліктерін талдау

Талдау бастауыш сынып мұғалімдерін бейімделген және дараландырылған оқу траекторияларын жүзеге асыруға даярлау барысындағы негізгі кемшіліктерді анықтауға бағытталған. Бұл – цифрлық, көрнекі және есту арқылы қабылданатын ақпараттарды тиімді қолдану, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрамында кәсіби өзара әрекеттесу дағдыларын меңгеру мәселелерін қамтиды.

Зерттеу деректерін жинау үшін **онлайн-сауалнама** әдісі қолданылды. Сауалнама мынадай бағыттар бойынша сұрақтар блогынан тұрды:

- инклюзивті және мультимодальды оқыту қағидаттары жөніндегі педагогтердің хабардарлық деңгейін бағалау;

- ЕББҚ бар балаларды оқыту барысында кездесетін қиындықтарды анықтау;

- цифрлық, визуалды және аудиалды құралдарды меңгеру қажеттіліктерін анықтау;
- бағдарламаның тақырыптық бағыттарына қызығушылық пен оқу мотивациясын анықтау.

Сауалнамаға бастауыш сынып мұғалімдері, педагог-психологтер, логопедтер, педагог-ассистенттер мен мектеп әкімшілігінің өкілдері қатысты.

Бастауыш мектеп мұғалімдерінің инклюзивті білім беру мен мультимодальды оқыту саласындағы кәсіби қажеттіліктері мен қиындықтарын анықтау мақсатында құрылымданған сауалнама жасақталды. Ол келесі тақырыптық блоктардан тұрды:

1. Жалпы ақпарат

- педагогикалық еңбек өтілі;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен жұмыс тәжірибесі;
- білімі мен біліктілік санаты.

2. Білім деңгейі және тәжірибелік сенімділік

- инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы жөніндегі хабардарлық;
- бейімделген әдістемелерді қолданудағы сенімділік;
- мультимодальды технологиялар мен цифрлық оқу құралдарын меңгеру деңгейі.

3. Кәсіби қиындықтар

- ЕБҚ бар балаларды оқыту және сүйемелдеу барысында кездесетін қиындықтардың сипаты мен жиілігі;
- оқу материалдарын бейімдеудің күрделілігін бағалау;
- мультимодальды тәсілдерді қолданудағы кедергілер.

4. Білім алуға деген қызығушылық және даярлық

- курс мазмұнына енгізілген тақырыптарға қызығушылық;
- практикалық тренингтер мен семинарларға қатысуға дайындығы;
- біліктілікті арттырудың қалаулы форматы (офлайн, онлайн, аралас оқыту).

Сауалнама бастауыш сынып мұғалімдерінің инклюзивті және мультимодальды білім беру тәжірибесін енгізуге кәсіби тұрғыда қаншалықты дайын екенін объективті түрде бағалауға бағытталған.

Сауалнама нәтижелері (жалпыланған деректер)

Сауалнама Google Forms онлайн-платформасы арқылы жүргізілді. Оған Қазақстан Республикасының әртүрлі өңірлерінен барлығы 155 педагог қатысты. Қатысушылар келесі кәсіби санаттар бойынша бөлінді:

- бастауыш сынып мұғалімдері – 98 адам (63%);
- педагог-психологтер – 22 адам (14%);
- логопедтер мен дефектологтер – 15 адам (10%);
- педагог-ассистенттер – 11 адам (7%);
- мектеп әкімшілігі өкілдері (директорлар, оқу ісі жөніндегі орынбасарлар) – 9 адам (6%).

Сауалнамада жабық және ашық түрдегі сұрақтар қамтылды.

- *Жабық сұрақтар* респонденттерге бір немесе бірнеше жауап нұсқасын таңдауға мүмкіндік берді. Алынған мәліметтер пайыздық үлесте талданып, мәліметтерді өңдеу барысында көп нұсқалы таңдау мүмкіндігі ескерілді, сондықтан кейбір нәтижелердің жалпы жиынтығы 100%-дан асуы мүмкін.

- *Ашық сұрақтар* мазмұндық контент-талдау әдісі арқылы интерпретацияланды. Респонденттердің жауаптары мағыналық категориялар бойынша топтастырылды: «мотивация», «қиындықтар», «күтілімдер», «оқытуға қатысты ұсыныстар». Одан әрі сол категорияларға сәйкес негізгі үрдістерді бейнелейтін маңызды дәйексөздер іріктеліп алынды.

Ашық жауаптардан алынған сапалық дәйексөздер:

«Мен көбіне нақты құралдардың жетіспейтінін сеземін. ЕБҚ бар балаға көмектесуге ниет бар, бірақ неден бастарымды білмеймін — әсіресе бұл цифрлық технологияларға қатысты болғанда».— бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі 6 жыл.

«Біз психолог пен логопедпен бірге командада жұмыс істейміз, бірақ көбіне рөлдерді қалай бөлу керектігін білмейміз. Командалық сүйемелдеу моделіне қатысты оқудан өткіміз келеді».— педагог-ассистент, еңбек өтілі 3 жыл.

«Қызығушылық бар, әсіресе визуалды және аудиалды форматтарға — оқушылар ондай ақпаратты жақсы қабылдайды. Бірақ оны мысалдармен, тренингтер арқылы көрсету керек».— бастауыш сынып мұғалімі, еңбек өтілі 11 жыл.

«Құқықтық база жиі өзгеріп отырады, ал біз бұл туралы кеңсі біліп жатамыз. Мектеп тәжірибесінен алынған өзекті шолулар мен нақты кейстер қажет».— оқу ісі жөніндегі орынбасар.

Ашық жауаптарды талдау нәтижесі: контент-талдау нәтижесінде респонденттердің пікірлері келесі төрт негізгі мағыналық категорияға топтастырылды:

Респонденттер тарапынан ең жиі аталған мәселе — нақты практикалық құралдардың жетіспеушілігі, әсіресе цифрлық технологиялармен жұмыс істеуде және оқу тапсырмаларын бейімдеуде. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында командалық әрекеттесуге байланысты қиындықтар байқалады, бұл әсіресе педагог-ассистенттер мен жұмыс өтілі аз мамандар арасында өзекті болып отыр.

Педагогтер мультимодальды оқыту тәсілдерін меңгеруге жоғары қызығушылық танытып отыр (визуалды, аудиалды құралдар). Олар мұндай тәсілдердің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін анағұрлым тиімді екенін атап өтеді. Бұл педагогтердің өз кәсіби құралдарын жетілдіруге деген ұмтылысын көрсетеді.

Респонденттер нақты мысалдар, кейстік тапсырмалар және практикалық тренингтерге негізделген практико-бағытталған оқытуға сұраныс бар екенін

білдірді. Әсіресе командалық жұмыс және цифрлық платформаларды қолдану бойынша практикалық білімге деген қажеттілік жоғары.

Мектеп басшылығы мен жұмыс өтілі жоғары мұғалімдер инклюзивті білім беруге қатысты нормативтік өзгерістер жөнінде ақпараттың кеш жетуі немесе үзік-үзік берілуі туралы айтты. Бұл педагогтердің құқықтық саладағы сенімділігінің төмендігін көрсетеді.

Осылайша, сапалық деректер сандық нәтижелерді растайды: педагогтерге тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар практикалық, қолданбалы құралдар және заңнамалық өзгерістерді ескере отырып, пәнаралық оқыту формалары қажет екені анықталды.

Инклюзивті және мультимодальды оқыту контекстінде бастауыш мектеп педагогтерінің кәсіби қиындықтары мен білім алу қажеттіліктерін айқындау мақсатында әзірленген сауалнаманың әрбір тақырыптық блогы бойынша қорытындылар:

1-блок. Жалпы ақпарат

Қорытынды: респонденттердің басым бөлігін еңбек өтілі 5 жылдан 15 жылға дейінгі педагогтер құрайды. Сонымен қатар, қатысушылардың көпшілігі бұған дейін инклюзивті білім беру мәселелері бойынша жүйелі дайындықтан өтпеген. Квалификациялық санаттарының болуына қарамастан, ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылармен практикалық өзара әрекеттесу тәжірибесі шектеулі. Бұл — педагогтердің бастапқы дайындық деңгейін ескере отырып, мақсатты біліктілік арттыру курстарын ұйымдастыру қажеттігін көрсетеді.

2-блок. Білім деңгейі және тәжірибелік сенімділік

Қорытынды: педагогтердің көпшілігі инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы жөніндегі хабардарлық деңгейін орташа немесе төмен деп бағалаған. Сондай-ақ бейімделген әдістер мен мультимодальды тәсілдерді қолдануға қатысты сенімсіздік байқалады. Бұл – жүйелі теориялық білім мен практикалық дағдылардың жеткіліксіз екенін көрсетеді, әрі осы олқылықтарды арнайы кәсіби даму бағдарламалары арқылы толықтыру қажеттігін айғақтайды.

3-блок. Қиындықтар және кәсіби кедергілер

Қорытынды: респонденттер ЕББҚ бар оқушыларға арналған оқу материалдарын бейімдеу барысында үнемі кездесетін қиындықтарды атап өтті, әсіресе мазмұнды визуализациялау мен дараландыруда. Сонымен бірге психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің қатысушыларымен өзара әрекеттесу де қиындық тудыратыны анықталды. Бұл – командалық жұмыс мәдениеті мен әдістемелік сүйемелдеудің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Сондай-ақ мультимодальды технологияларды тәжірибеде қолдануға қатысты кедергілер, соның ішінде ресурстардың тапшылығы мен дайын педагогикалық үлгілердің болмауы да анықталды.

4-блок. Оқуға деген қызығушылық және дайындық

Қорытынды: педагогтер мультимодальды және инклюзивті тәсілдерді жүзеге асыру тақырыптарына қатысты оқуға жоғары қызығушылық танытты. Әсіресе практикаға бағытталған курстарға (тренингтер, воркшоптар, кейстік сабақтар) қатысуға жоғары мотивация байқалды. Респонденттер икемді оқыту форматына (онлайн және аралас) басымдық береді. Бұл педагогтердің үздіксіз кәсіби дамуға ашық екенін және мазмұны бай, қолжетімді әрі практикалық бағдардағы бағдарламаларды әзірлеу қажеттігін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелерін талдау келесі **негізгі үрдістерді** анықтауға мүмкіндік берді:

1. Жеке білім беру траекториялары мен бағдарламаларын меңгеру қажеттілігі – педагогтердің басым бөлігі (81%) дараландырылған және бейімделген оқу маршруттарын құрастыру мен жүзеге асыруда қиындықтарға тап болатынын көрсетті. Бұл – инклюзивті білім берудің бейімдеуші стратегиялары бойынша мақсатты оқытудың қажеттілігін білдіреді.

2. Мультимодальды оқыту әдістерін меңгеру – респонденттердің 74%-ы мультимодальды оқыту тәсілдерін (визуалды, аудиалды және цифрлық ақпарат беру формалары) меңгеруге қызығушылық танытты. Бұл осы тәсілдерді біліктілікті арттыру бағдарламасының мазмұнына интеграциялау өзектілігін айқындайды.

3. Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі шеңберіндегі өзара әрекеттесу деңгейін арттыру – 68% респонденттер психологтармен, дефектологтармен, педагог-ассистенттермен және ата-аналармен өзара әрекеттесуде қиындықтар бар екенін атап өтті. Бұл пәнаралық ынтымақтастық пен коммуникативтік құзыреттілікті дамыту қажеттігін көрсетеді.

4. ЕББҚ бар балалардың қажеттіліктерін диагностикалау және бағалау – респонденттердің 65%-ы диагностикалық әдістерді меңгеру және қолдану бойынша дефицит сезінетінін білдірді. Бұл курстық бағдарламаларға диагностика мен мониторингке арналған жеке модуль енгізу қажеттілігін туындатады.

5. Цифрлық және практикалық-бағыттағы құралдарды қолдану – педагогтер шынайы кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған тренингтер, семинарлар және аралас форматтағы оқыту түрлерін қалайды. Бұл практикалық мазмұнның басымдыққа ие екенін көрсетеді.

6. Әдістемелік және құқықтық сенімсіздік – респонденттердің 63%-ы инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы мен әдістемелік ұсынымдары бойынша білім деңгейінің жеткіліксіз екенін мойындады. Бұл педагогтерге арналған құқықтық және әдістемелік ағартушылық жұмыс жүргізудің өзектілігін көрсетеді.

Педагогтердің пікірінше ең өзекті курстық тақырыптар:

- бастауыш мектеп жағдайында мультимодальды тәсілдерді жүзеге асыру;
- ЕББҚ бар оқушыларға арналған оқу тапсырмаларын бейімдеу және визуализациялау;

- инклюзивті оқытуды қолдайтын цифрлық ресурстар мен платформалар;
- психологиялық-педагогикалық қолдау шеңберінде психологтармен, дефектологтармен және ата-аналармен тиімді өзара әрекеттесу жолдары.

Осылайша, сауалнама нәтижелері біліктілікті арттыру бағдарламасының құрылымына аталған тақырыптарды енгізудің негіздемесі болып табылады және бастауыш мектеп педагогтерін оқытуда практикаға бағытталған, икемді және пәнаралық тәсілдің қажеттілігін айқын көрсетеді.

1-сурет. Педагогтердің анықталған қажеттіліктері (сауалнама нәтижелері бойынша)



Сауалнама нәтижелері бастауыш мектеп мұғалімдерінің ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау барысында жүйелі түрде кездесетін қиындықтарды көрсетіп отыр. Атап айтқанда, келесі мәселелер анықталды:

- инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасындағы өзгерістер жөнінде хабардарлықтың жеткіліксіздігі;
- заманауи мультимодальды тәсілдер мен психологиялық-педагогикалық қолдау әдістерін қолдануда білімнің жеткіліксіздігі;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі аясында командалық жұмысты ұйымдастыруға қажетті практикалық құралдардың, шаблондардың, алгоритмдер мен модельдердің болмауы;

– ата-аналармен және басқа да білім беру үдерісінің қатысушыларымен өзара әрекеттесуде туындайтын қиындықтар.

Алынған деректер педагогтердің жан-жақты және жүйелі оқытуға деген жоғары сұранысын растайды. Мұндай оқыту келесі құрамдас бөліктерді қамтуы қажет:

- инклюзивті және мультимодальды оқыту жөніндегі теориялық білімдер,
- жеке білім беру траекторияларын және бағдарламаларын жобалау бойынша практикалық дағдылар,
- инклюзивті білім беру кеңістігінде командалық әрекеттесу мәдениетін дамыту.

Осылайша бұл Бағдарлама педагогтердің анықталған білім беру қажеттіліктеріне толық сәйкес келеді және:

- мультимодальды және инклюзивті оқытудың негіздерін жүйелі түрде түсінуді қалыптастырады;
- диагностика, жоспарлау, жобалау және жеке білім беру траекторияларын жүзеге асыруға арналған құралдарды ұсынады;
- психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарымен және ата-аналармен командалық өзара әрекеттесу құзыреттерін дамытады;
- заманауи цифрлық технологиялар мен мультимодальды тәсілдерді оқу үдерісінде қолдануға үйретеді.

Бағдарламаны жүзеге асыру педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға және бастауыш мектептегі инклюзивті білім беру сапасын жақсартуға ықпал етеді, сондай-ақ ЕББҚ бар білім алушыларды тиімді педагогикалық қолдауды қамтамасыз етеді.

